

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі N 1089 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15, 145-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туралы ережеде:

14 - тармақта:

жиырма бірінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы отызыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына тексеру тағайындау туралы және тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актілердің нысандарын белгілейді";

15-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"хаттамалар жасау және туристік қызмет, сондай-ақ ойын бизнесі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану; " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*